Ғибратты ғұмыры ұрпақтарға үлгі

Халқы пір тұтқан

Халқы пір тұтқан демекші, есімі республикаға танымал, ондаған білікті мамандар тәрбиелеген, туған ауылының дамып-өркендеуінде өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырған, Социалистік Еңбек Ері - Ералы Шопайұлының туғанына биыл 95 жыл толар еді.

Ералы Шопайұлы 1926 жылы мамыр айының 15-сінде Көкшетау облысы Зеренді ауданының Қаражар ауылында дүниеге келген. Кедей шаруа отбасынан шыққан. Әкесі 1947 жылы, анасы 1936 жылы қайтыс болады. 1933 жылы мектепке барып, 1937 жылы Үлгілі бастауыш мектебін аяқтады. 1937-1940 жылдары Көкшетау қаласындағы №3 қазақ орта мектебінің 7 сыныбын бітіріп, 14 жасынан Үлгілі колхозына жұмысшы болып қабылданды. Содан кейін механизаторлар курсын бітіріп, 1940-1941 жылдары Үлгілі колхозында колхозшы, 1941-1954 жылдары Зеренді МТС-інде тракторшы болған.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып, талай биікті бағындырды. Көп жылдық тәжірибе жинақтап, 1954 жылғы наурызда бригадир болып тағайындалды. 1955 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының қатарына қабылданды. 1954-1956 жылдары Зеренді МТС трактор бригадасының бригадирі, 1956-1958 жылдары тракторшы, 1958-1959 жылдары «Дружба» колхозының, 1959-1964 жылдары КОКП-ның XX съезі атындағы совхоздың трактор егіс бригадасы бригадирінің көмекшісі қызметтерін атқарды. Ол қызметіне қарамастан, қарамағындағылармен тең дәрежеде жұмыс істеді, оларға кеңес берді және тәжірибе алмасты. Ол өзінің еңбекқорлығымен, адалдығымен тек совхоздың емес, ауданның механизаторлары арасында аса құрметке ие болды. Өз жұмысында теория мен практиканы бірдей қолданды. Бригадир болып жұмыс істеген жылдары Ералы Шопайұлының өндірісті ұйымдастырудағы таланты, қойған мақсатқа жетудегі табандылығы байқалды. Ол басқарған бригада жыл сайын астық өндіру және мемлекетке тапсырудағы тапсырманы асыра орындады. Сегізінші бесжылдықтың соңында бригада толығымен топырақты үйіндісіз өңдеуге көшті, бұл ал-қаптардың өнімділігін әр гектардан 7,9-ға арттыруға мүмкіндік берді және 12,4 центнерді құрады. 1965-1970 ж.ж. бригада астық өндіру және оны мемлекетке тапсыру бойынша бес жылдық тапсырманы 216% орындады.



ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Бюро Кокчетавского обкома КП Казахстана и исполкома областного Совета депутатов трудящихся

г.Кокчетав № 712-27 14 ноября 1972 года

О представлении к присвоению звания Героя Социалистического Труда передовиков сельского хозяйства Кокчетавской области.

1. За выдающиеся успехи, достигнутые в выполнении социалистических обязательств по увеличению производства и продажи государству продуктов земледелия в 1971-1972 годах, представить к присвоению звания Героя Социалистического Труда:

БАКТАЕВА Ералы Шопаевича - бригадира совхоза имени XX съезда КПСС Зерендинского района.

2. Утвердить характеристику на т.Бактаева Е.Ш.

3. Внести в Центральный Комитет КП Казахстана.

Секретарь Кокчетавского обкома КП Казахстана
В.Загорский

Председатель исполкома областного Совета депутатов трудящихся
А.Никулин

1970 жылы бригадаға Коммунистік еңбек екпіндісі атағы берілді. Бригада ұжымы 1972 жылы қиын климаттық жағдайларға қарамастан, 2651 гектар алқаптың әр гектарынан 19,6 центнерден өнім алды, жалпы астық көлемі 51950 центнерді құрады. Партия мен Үкімет Е.Бақтаевтың еңбектегі жетістігін жоғары бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1972 жылғы 14 қарашасындағы жарлығымен астық, қант қызылшасы, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатудағы үлкен табыстары және еңбектегі жетістіктері үшін Ералы Шопайұлы Бақтаев Социалистік Еңбек Ері атағымен қоса Ленин орденімен және «Орақ және Балға» медалімен марапатталды. Сондай-ақ Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен иегері атанды. Ол бірнеше рет халық депутаттары Зеренді аудандық және ауылдық кеңесінің депутаты болып сайланды. Ералы Шопайұлы Зеренді өңірі үшін мақтан тұтатын тұлғалардың бірі, жарқын бейнесі оны білген, қызметтес болған жандардың жүрегінде ұзақ жылдар сақталатыны ақиқат.

Әсел ИСИНА,
«Зеренді ауданының мемлекеттік архивінің» архившісі

(Материалдар Ақмола облысының мемлекеттік архивінде сақталған Е.Бақтаевтың жеке қорынан алынды).

Ауданымыздың жылнамасында - өмір жолындағы өнегелі істерімен, қиын сәттерде қайтпас қайсар шыдамдылықтың үлгісін таныта білген, соңынан ұлағаттылықтың өшпестей ізін қалдырған жоғары буын өкілдері жетерлік. Солардың бірі жарық дүниеден озғанына жуырда бір жыл толғалы отырған абзал жан, ардақты ана Шолпан Неғматуллинаның ғибратты ғұмырын, балаларының тілегімен оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

● Боямасыз өмір

Шолпанның мөлдір махаббаты

(әңгіме)

Менің алты апам бар. Үлкені -Шолпан. Айыртау ауданындағы Сырымбет орта мектебін бітірген жылы Көкшетаудағы кітапхана техникумына түскен. Арнаулы білім алып, кітапханашы болуды мақсат тұтқан апамды Қайырбек есімді жігіт сыртынан бір көріп ұнатып, алып қашып кетті. Танымайтын жігіт алып қашқанға ашуланып, жылапсықтап кетпек болғанда үлкендер жалынып-жалбарынып, «Қайтып келген қыз жаман» деген абыройсыз атқа қаласың, ешкімге тұрмысқа шыға алмайсың» деп алдап-сулап, амалсыз көндіреді.

Осылай Неғматуллин отбасына келін болып түсіп, тағдырына бой ұсынады. Әке-шешем әлпештеп, мәпелеп, үкілеп өсірген сұлу да сымбатты, алтындай қымбат қайран апам-ай десеңізші! Қазір «мұндай келеңсіз оқиғаны бастан кешірмегенде ол оқуын бітіріп, қалаған мамандығы бойынша жұмыс істеп, сүйген жігітіне қосылар ма еді, өмірі басқаша өріліп, бақытты болар ма еді» деп ойлаймын.

Мен Шолпан апамды «тәте» деймін. Тәтем Зеренді ауданының Өндіріс ауылында Қайырбекпен тұрып жатты. Жігіттің әкесі жоқ, Рахима есімді шешесі ғана бар еді. Әкем күйеу баласын жатырқамай, бауырына тартты. Бұрын Бейсен есімді немере інісін керемет жақсы көрген еді. Ол Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Жанына медет тұтып, соңынан ерген інісінің қазасы әкемді есеңгіретіп, дәрменін әлсіретіп жіберген. Сұңғақ бойлы, салмақты Қайырбекті көргенде өлгені тіріліп, өшкені жанып, «Бейсенімнің орнын басқан құлыным» деп қатты қуанды. Ауылда жиын, тойларда Қайырбекті аузынан тастамай, ылғи мақтап, мақтанып отыратын.

Тәтем дүниеге бес ұл, бір қыз әкелді. Өзі өмір - бақи үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысты. Үлкендері Есмағұл бастауыш сыныпта оқып жүргенде суға кетіп, мерт болды. Қайырбек жездем Алматы ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін сырттай оқып бітірді. Әкем, Шолпан балаларының үлкені *болғандықтан ба, әрі жездемді інісіндей жақсы көріп сыйлағаннан ба, олар десе ішкен асын жерге қоятын. Тәтеме жаны ашып, жазғы демалыс кезінде Үміт апамды сол жаққа көмекке жіберетін. Кейін Оркен есімді апамды сондағы мектепте оқуға аттандырды. Соңында тәтеме көмектесуге қыздардың кенжесі Баян апам да барды.*

...Барлығымыз көкке көтеріп, мақтап жүрген Қайырбек жездем кейін аяқ астынан бұзылып, теріс жолға түсті. Қақсоқпен ісі жоқ, үндемейтің қызметтен басқа ештеңені білмейтін 40 жастағы жездем 22 жастағы жаңадан келген кадрлар бөлімінің инспекторына көңілі ауыпты. Жұмысбастылықты сылтау қылып, үйге кеш келуді әдетке айналдырған. Отбасына салқын қарап, тұрмыс мәселелеріне назар аудармауды бастайды. Ел ішіне гулеп өсек те тарап үлгерді. Өзгелер күйеуінің тәтеме көзіне шөп салып жүргенін айтса нанбайды. Жұмысшы, механизаторлар, үлкендер арасында сыйлы, беделді, «Қарабұлақ» совхозының тәжірибелі бас маманы болып қызмет істейтін жұбайының өзінен 18 жас кіші бөтен қызбен жақындасып, жүріс жасайтынына қайдан илансын? Жай, өсек шығар деп сенбеген.

Кейін жездем жаңағы жас қыз Ғалиясымен бірге қашып кетті. Әйелі мен бес баласын ойламақ түгіл, туған анасы Рахиманы да керек қылмады. Не деген безбүйрек, тасбауыр десеңізші. Бүкіл ел шулап, таңқалысты. Ертеңінде аудандық партия комитетінің бюросында Қайырбек Неғматуллинді «Подлесный» совхозына директор етіп ұсыну жөнінде мәселе қаралғалы жатқан екен. Басына қонғалы тұрған баққа пысқырып та қарамаған. Егер сол қызметке тағайындалғанда тасы өрге домалап, одан да өсе түсер ме еді. Отбасының тұрмысы жақсы болар ма еді. Әттең, не керек, олай болмады. Тәтемнің, перзенттерінің көретін азабы да, маңдайларына жазылғаны да басқа екен.

Мен бұл кезде Арықбалық ауданының Мәдениет ауылындағы сегізжылдық мектептің 7-ші сыныбында оқитынмын. Әке-шешем жаман хабарды естіп, естерінен танып қала жаздап, сары уайымға берілді. Туған баласындай жақсы көріп, құрметтейтін Қайырбектің соқырлығы, жөнсіз қылығы төбелерінен жай түскендей әсер етті. Өзім әке-шешемді аяп, не істерімді білмедім. Шиеттей бес баламен қалған апамды да қатты аядым.

Тәтем кейін күйеуін сұрастырып жүріп тапты. Жездем Талдықорған облысындағы Сарқанд ауданының «Энергия» колхозынан бір-ақ шыққан екен. Жаңа қосылған әйелінен айрылатын түрі жоқ дейді. Қанша сөйлескенімен жездем отбасына оралмады.

Менің өлең, мақала жазып, ақын, журналист болуды армандап жүрген кезім. Алып қашып қосылған әйелін тастап, кездейсоқ кездескен жас қызбен бірге кеткен Қайырбекке ашуым келіп, өзіне:

«Не болған осыншама осы кезде.
Тастадың отбасыңды қалай жезде?
Достықпен өзім саған ақыл айтам,
Кейін қайт, өз үйіңнен өзің безбе!»- деп хат жазып едім, жауап болмады. Содан Алматыдағы «Лениншіл жас» газетіне: «Жездем апамды, бес баласын, туған анасын тастап кетті. Оған заң жолымен шара қолданып, үйіне оралуына көмек көрсетулеріңізді сұраймын» деп хат жолдадым. Газеттің хат және көпшілікпен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Сейітқазы Досымовтан: «Хатыңызды шара қолдану үшін Талдықорған облыстық прокуратурасына тексеруге жібердік» деген жауап келді. Көп ұзамай «Мәселені анықтау үшін сіз Сарқанд аудандық прокуратурасына келгеніңіз жөн» деген хат алдым.

Ұлының қатыгездігіне жаны төзбеген Рахима құдағи қайтыс болды. Апам бес баланы өсіріп жеткізу жолында қанша қиналғанымен, күйеуім оралар деген үмітін үзбеді. Біреулер жеткізсе керек, сол кездегі Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, республика Министрлер Советінің төрағасы қызметіне ауысқалы жатқан Бәйкен Әшімов осы іске араласып, Қайырбекті Сарқанд ауданынан кетуге мәжбүр етеді. Жездем үйіне оралғанымен, бір айдай ғана тұрып, кейін Целиноград облысының Атбасар ауданына тағы да кетіп қалады.

Мен сол жылдары Зеренді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Социалистік Еңбек Ері Баян Жанғаловқа апамның жағдайын баяндап, хат жолдадым. Кейін ол кісіден. «Қарағым Есенгелді! Хатыңды алдым. Апаңның жағдайын ойлап, жаның ашып. Хат жазғаның дұрыс. Бұл жайлы білемін. «Подлесный» совхозының директоры Иван Леонтьевич Андросюкке Шолпан Нығметуллинаға көмектесу жөнінде нұсқау берген хатымның көшірмесін саған қоса жолдап отырмын» деген хат келді. Аупарткомның бірінші хатшысы совхоз директорына тәтемді асханаға аспаз етіп жұмысқа қабылдау, совхоз орталығынан үш бөлмелі тұрғын үй беру жөнінде тапсырма берген. Есімі күллі Қазақстанға әйгілі Баян Жанғалұлының үлкен басымен 7-сынып оқушысына жауап хат жазуы, тәтеме жанашырлық танытуы шынайы адамгершіліктің белгісі еді. Бұл бүгінгі аудан, облыс басшыларына нағыз үлгі боларлықтай іс. Бірақ, өкінішке қарай апам орталыққа көшпеді, Өндіріс ауылында қалып қойды. Кейіннен бұл шешіміне өкінді.

Арада жылдар өтіп, балалары өсіп, ержетті. Үлкені Жұмағұл әскерге алынып, бір жылдан соң қысқа мерзімдік демалысқа келді. Туған-туысқандары ақылдасып, әкесін шақыртуды ұйғарды. Мен бұл кезде аудандық газетте жұмыс істейтінмін. Мұны естіп, кішкентай кезінде тастап кеткен әкенің енді керегі қанша деп ашуландым. Көкшетаудағы Баян апама хабарласып, аптаның аяғына қарай Өндіріс ауылына баратын болдық.

Шолпан тәтемнің үйіне бәрі жиналыпты. Жездем Ғалия әйелімен келіпті. Баян да күйеуімен жетті. Ашуға булығып, түтігіп, зығырым қайнап, әзер тұрмын. Әйелім оңаша шақырып алып: «Жездеңмен ұрыспа, жексұрын боласың» деген. «Неге олай айтасың» деп сұрасам, ол «Жездеңді әйелімен *тәтең өзі шақырды. Араларына араласпа, туыстары да саған қарсы шығады» дейді. Тыңдаған жоқпын. Баян апам екеуміз Қайырбекке айғайлап,* ұрса бастадық

-Кішкентай кезінде балаларыңызды, әйеліңізді тастап кеттіңіз. Ақ сүтін емген туған анаңыздан безген сізден не үміт, не қайыр? Төрт ұлыңызды, бір қызыңызды жәудіретіп жылатып, қалдыруға қалай дәтіңіз барды? Тәтемнің бес бүлдіршінді өсіру үшін көрмегені жоқ. Араға ұзақ жылдар салып, дым болмағандай қалай келіп отырсыз? Ұят барма сізде?-деп жездеме зекимін. Баян да мені қостайды.

-Әй,қойыңдар айғайламай, түге,-деп Сара апай саңқылдады.

-Сен кімсің мені үйрететін? Мен өзім салған өз үйімде отырмын,-деп Қайырбек өзеуреді.

-Жә, жетер! Қайырбекке дауыс көтергендерің не? Осымен у-шуды тоқтатыңдар,-деп тәтемнің өзі тұтқиылдан бізге қарсы шықты.

Манадан бері өз-өзіме ие бола алмай қалшылдап, тас-талқан болып ызаланып, бәрінің көрген азабы, мехнаты үшін жездеммен кектеніп, ұрсысып жатсам, апам осылай деп тұр. Мен одан мұндайды күтпеген едім. Ол да біздің сөзді сөйлеп, оған жақсылап сыбағасын береді деп ойлағам. Тәтемнің сөзінен кейін сасып, абдырап, не дерімді білмей қалдым. Бәрі маған аңтарыла қарады. Іштей: «Қап, әйелімнің айтқаны келді. Бекер оны тыңдамаппын. Жайдан жай ұрысып, босқа арамтер болдым» деп өкіндім.

Апамды жеке шақырып алып, ренішімді жайып салдым.

Тәте, бұл адам сені бес кішкентай баламен шырылдатып тастап кетті. Сенде намыс бар ма? Сенің намысың үшін күйеуіңмен бет жыртысып, ұрсысып жатсақ, оны жақтап, бізге қарсы шықтың. Есің дұрыс па, Қайырбектің кінәсін қалай кешіресің?

-Інім, сен ренжіме маған! Жездең мені өмірде қол тигізіп ұрған да, соққан да жоқ. Айғайлап, ұрысқан да емес. Одан да мені ұрып, жер-жебіріме жеткізіп, тілдегені дұрыс еді. Сонда көңілім қалар ма еді. Өзі үндемей тартып отырды. Мен оны әлі жақсы көремін, сүйемін, сыйлаймын,-деп Шолпан тәтем қарап тұр.

-Тәте, сенің махаббатың адал, шын махаббат екен,-дедім таңданып. Тәтем өзін балаларымен не болсаң, о бол деп, өмірдің қиын шебіне, азаптың отына қалдырып, қашып кеткен жездемді әлі де сүйеді екен. Бір өзі ұл-қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай тәрбиелеп өсірді, басқаға тұрмысқа шықпай, жеңіл жүріске салынбай, келін болып түскен шаңырағының отын өшірмей, жалғыз өзі күйбең тірліктің қамытын мойнына асып, тұрмыс тауқыметін шекті. Қанша қиындық көрсе де, жол ортада тастап кеткен жездемді кешіргеніне, оған деген сезімін суытпағанына, оны ұзақ жылдар бойы шын сүйген жүрегіне қайран қалдым.

Қайырбек жездем ертеректе қайтыс болды. Көз жұмар алдында тәтемді шақыртып, кешірім сұрапты. Оны туған жеріне әкеліп жерледі. Ал Шолпан тәтем былтыр 80 жасқа толды. Бұрынғы «Подлесный» совхозының орталығында, қазіргі «Бәйтерек» ауылында сүт кенжесі Сайранбек пен келінінің, немерелерінің ортасында бақуатты өмір сүруде.

Есенгелді СҮЙІНОВ,
Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.

(Мақала «Қазақстан әйелдері» журналының 2018 жылғы 20 мамырындағы санында жарық көрген).